


A large, bright yellow sun with a circular center and numerous pointed rays radiating outwards. The sun is centered in the background of the text.

**Қазақстанның пайдалы
қазбалары**



Қазақстан өзінің жер қойнауының байлығымен әйгілі. Бұл Жер қыртысының геологиялық құрылысы мен даму ерекшеліктеріне байланысты. Тау түзілу, магмалық жыныстардың енуі және метаморфизм (өзгеріске ұшыраған), яғни эндогендік процестердің әртүрлілігі, солармен байланысты тау жыныстарының құрылымында, минералдық және химиялық құрылысында болған қандай да бір өзгерістер түрлі пайдалы қазбаларды түзеді.





Масштабы 1 : 500 000 (1 см-де 105 км)
105 0 105 210 315 420 525 км

ҚАЗАҚСТАН МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАРҒА ӨТЕ БАЙ. ҚАЗАҚСТАН ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ 186 ЕЛІНІҢ ШІНДЕ ВОЛЬФРАМ, ҚОРҒАСЫН ЖӘНЕ БАРИЙДІҢ ҚОРЫ БОЙЫНША БІРІНШІ ОРЫНДА, ХРОМИТ, КҮМІС ЖӘНЕ ЦИНК БОЙЫНША ЕКІНШІ, МАРГАНЕЦ ЖӘНЕ МОЛИБДЕН — ҮШІНШІ, МЫС — ТӨРТІНШІ, УРАН — БЕСІНШІ, АЛТЫН — АЛТЫНШЫ, ТЕМІР КЕНІ — ЖЕТІНШІ, ҚАЛАЙЫ МЕН НИКЕЛЬ — СЕГІЗІНШІ, КӨМІР МЕН ТАБИҒИ ГАЗ — ТОҒЫЗЫНШЫ, МҰНАЙ БОЙЫНША ОН ҮШІНШІ ОРЫНДА.

ҚАЗІР ҚАЗАҚСТАН КӨМІРСУЛАРДЫҢ ҚОРЫ БОЙЫНША ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕГІ ІРІ ЕЛДЕРДІҢ БІРІ БОЛЬШ ТАБЫЛАДЫ. МҰНАЙДЫҢ БАРЛАНҒАН ҚОРЫНЫҢ КӨЛЕМІ БОЙЫНША 12-ОРЫНДА, ГАЗ БЕН ГАЗДЫ КОНДЕНСАТ — 15-ШІ, МҰНАЙ ӨНДІРУ — 23-ОРЫНДА. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЛЕСІНЕ БАРЛАНҒАН МҰНАЙ ҚОРЫНЫҢ 2%-НА ДЕЙІН (КАСПИЙ ШЕЛЬФІН ҚОСПАҒАНДА) КЕЛЕДІ. 200-ДЕН АСТАМ МҰНАЙ МЕН КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ӨНДІРЕЛЕТІН ҚОРЫ 2,2 МЛРД. ТОННА, КОНДЕНСАТ — ШАМАМЕН 700 МЛН. ТОННАНЫ ҚҰРАЙДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ БОЛЖАНЫП ОТЫРҒАН МҰНАЙ РЕСУРСТАРЫ ШАМАМЕН 13 МЛРД. ТОННА. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР ҚЫРТЫСЫ МҰНАЙМЕН ТАБИҒИ ГАЗДАРҒА БАЙ. КАСПИЙ МАҢЫ ОЙПАТЫ, КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЖАҒАЛАУЫН ҚОСА АЛҒАНДА МҰНАЙ ҚОРЫ 7 МЛРД. ТОННА. БҰЛ МҰНАЙ ӨНДІРІСІН ЖЫЛ САЙЫН 50—100 МЛН. ТОННАҒА ДЕЙІН КӨТЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНДАҒЫ ТАБИҒИ ГАЗ ҚОРЫ 1,3 ТРИЛЛИОН КУБ МЕТРДІ ҚҰРАЙДЫ. АРАЛ МАҢЫНДА ДА МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫҢ ҮЛКЕН ҚОРЫ, ТАБЫЛҒАН. АЛДЫН АЛА ЖАСАЛҒАН ЕСЕПТЕУЛЕР БОЙЫНША МҰНДА 350 МЛН. ТОННА МҰНАЙ МЕН 100 МЛРД. КУБ МЕТР ГАЗ БАР.



Қазақстанда барланған *тас көмір* және *қоңыр көмірдің* қоры 200 млрд. тоннадан астам. Көмір бассейндеріне Қарағанды, Екібастұз, Майкөбен, Обаған, Жіліншік, Теңіз-Қорғалжын, Шу, Іле (Қалжат), Төменгі Іле (Оңтүстік-Балқаш) және Орал-Каспий (Жайың-Жем) жатады.



Темір кендерінің қоры 8 млрд. тоннадан астам. Оның 80% Торғай темір кен бассейнінде орналасқан. Бассейннің ірі кен орындарына Соколов Сарыбай, Қашар, Лисаков және Аят кен орындары жатады. Metallургиялық процесте темір кенінен басқа ванадий, алюминий оксиді, фосфаттық шлактар алынады. Олар минералдық тыңайтқыш ретінде пайдаланылады.

Алатау темір марганец бассейнінде шамамен 500-дей кен орындары мен металл іздері табылған. Бассейндегі темір кендерінің қоры 500 млн. тонна және марганецті кендер — 80 млн. тоннаны құрайды.

Ұлытаудағы Қарсақатай темір кен орындарында 500 млн. тонна темір кені бар.

Шағын темір кен орындары Кеңтөбеде (Қарағанды), Атансарда (Көкшетау), Қаратаста (Жезқазған), Иірсуде (Оңтүстік Қазақстан) және т.б. жерлерде табылған.

26	Fe
2	
14	
8	ЖЕЛЕЗО
2	55,849



**МАРГАНЕЦ КЕНДЕРІ АТАСУ ТЕМІРМАРГАНЕЦ
БАССЕЙНІНЕН БАСҚА САРЫАРҚАДА, ҰЛЫТАУДА,
ҚАРАТАУДА, МАҢҒЫСТАУ МЕН СЕМЕЙДЕ
АНЫҚТАЛҒАН, ҚАЗАҚСТАНДА, БАТЫС СІБІРДЕ,
ҚИЫР ШЫҒЫСТА. АЙТАРЛЫҚТАЙ ІРІ КЕН
ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚОРЫНА 150 МЛН Т АСАТЫН
ЖАТАДЫ, ІРІ КЕН ОРЫНДАРЫНА – 75 ТЕН 150
ДЕЙІН , ОРТАША -25 ТЕН-75 ДЕЙІН ЖӘНЕ ҰСАҚ -25
МЛН Т. АЗ. БІРЕГЕЙ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚОРЫ 1
МПРД Т АСАДЫ**



25



Mn

МАРГАНЕЦ

54,9380

Хромит кендері негізінен Ақтөбеде табылған. Кемпірсай массивінде шамамен 30 кен орындары бар. Кеннің ұзындығы 80 км, ені 0,6-дан 30 км-ге дейін созылған, қалыңдығы жүздеген метрге жетеді. Кендегі хром тотығының мөлшері 20-дан 60% ға дейін. Бұл кен орнына дүние жүзінде тең келетін кең орны жоқ. Хромит кенін өндіру бойынша Қазақстан дүние жүзінде бірінші орынға шықты.

Хромит кендері Қостанайдағы Жетіқарада, Құндыбайда, Ақертеде, Ақтөбеде, Семейде табылған.



Ванадий кендері Қаратау мен Жабәғылтауда табылған. Кендегі ванадийдің мөлшері шамамен 1% және молибден 0,22 %. Кеннің сапасы жоғары емес. Ванадий бар кендер Шыңғыстауларында, Бетпақдалада, Кіндіктаста, Төгірдей, Алағашымен, Жасурамен



Титан кендері Қостанайда, Көкшетауда, Ақмола мен Ақтөбе облыстарында барланған. Ұлытау, Оңтүстік Алтайда және Жезқазған облысындағы қоры белгілі. Қазақстан түсті, бағалы және сирек металдардың көптүрлілігімен, байлығымен



АЛЮМИНИЙ КЕНДЕРІНІҢ ІШІНДЕ БОКСИТТЕР ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. КЕЛЕШЕГІ БАР АУДАНДАРҒА САРЫАРҚАНЫҢ БАТЫСЫ МЕН СОЛТҮСТІГІ, ТОРҒАЙ ОЙПАТЫ, СЫРДАРІЯ ӨЗЕНІНІҢ БАССЕЙНІ, КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ АРАЛ МАҢЫ ОЙПАТЫ. АМАНКЕЛДІ, ОБАҒАН, ЖОҒАРҒЫ ТОБЫЛ, ТЕҢІЗ, ТАСКӨЛ ЖӘНЕ ШАҒАН, МҰҒАЛЖАР, ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ МАҢЫНДАҒЫ КЕН ОРЫНДАРЫН АТАУҒА БОЛАДЫ. АЛЮМИНИЙ ШИКІЗАТЫНЫҢ БОКСИТТЕН БАСҚА ТҮРЛЕРІ ДЕ БАРЛАНҒАН.



Мыс кендері Қазақстанның көптеген территорияларында таралған. Алтай тауларынан бастап республикамыздың батыс шекараларына дейін мыс кендері барланған. Мыстың ірі кен орындары Сарыарқада, Жетісу, Жоңғар Алатауында, Шыңғыс және Мұғалжар тауларында, Батыс Торғайда, Теңіз ойпатында, Ақтөбе маңында, Маңғыстауда, Атбасар-Терісқанда, Солтүстік Қазақстанда, Балқаш маңында, Тарбағатай, Сәуір тауларында және т.б. орналасқан. Дүние жүзіне белгілі мыс кен орындары Қоңырат, Бозшакөл, Саян, Жыланды, Ақтоғай, Жезкент, Шиелісай және т.б. еліміздің ұлттың байлығы болып табылады.



Никель және кобальт кендері Ақтөбе, Қостанай, Жезқазған, Карағанды, Павлодар, Семей және Жамбыл облыстарында таралған. Ақтөбедегі Кемпірсай бассейнінде никель кен орындарының 30-ның ішінен 14-і жұмыс істейді Жоғары сапалы никель кенінің үлкен қоры Қостанай облысындағы Аққарға мен Ақтауда шоғырланған. Силикатты никель кендері басқа Семей және Жезқазған облыстарында ашылған. Олардан металлургиялық өндіріс беріледі.




Қорғасын-мырыш (полиметалл) кендері Кенді Алтайда, Сарыарқада, Қаратау мен Жоңғар Апатауында таралған. Олардың негізінде ірі тау-кен байыту және металлургиялық кәсіпорындар Лениногорскіде, Зыряновскіде, Өскеменде, Текеліде, Шымкентте, Қарағайлыда, Кентауда және т.б. жұмыс істейді.

Полиметалл кендерінің құрамында қорғасын мен мырыш немесе мыс пен мырыш немесе қорғасын мен мыс немесе тек мырыш болады. Сарыарқада Атасу тиіндегі полиметалл кендері Қарағанды және Жезқазған облыстарында орналасқан. Комплексті, қосымша компоненттері бар кен орындары Балқаштың солтүстігінде орналасқан. Бірнеше полиметалл кендерінен біреуі ғана — Ақжол іске қосылған.

Қаратауда Ақсайдан басқа Аралтау, Ақсоран, Байжансай кен орындары бар. Жоңғар Апатауында Текелі, Көксу, Сұықтөбе, Орталық



АЛТЫН МЕН КҮМІС ЕРТЕДЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫСЫМЕН СОЛТҮСТІГІНДЕ ӨНДІРІЛІП КЕЛГЕН. СОЛТҮСТІКТЕ – АҚСУ, МАШАЙЫҚ, ЖУСАЛЫ, ЖАҚТАБЫЛ, ТӨРТҚҰДЫҚ ЖӘНЕ Т.Б. КЕН ОРЫНДАРЫ. ШЫҒЫСТА – ҚАЛБЫ АЛТЫНДЫ АУАНЫ. АЛТЫН ОҒТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҢҒАР АЛАТАУЫ МЕН ШУ ЖӘНЕ ІЛЕ ТАУЛАРЫНДА ТАБЫЛҒАН. КӨКШЕТАУ ЖАҚЫН ЖЫЛДАРЫ НЕГІЗГІ АЛТЫН ӨНДІРУШІ АЙМАҚҚА АЙНАЛАДЫ. ӨНДІРЕТІН АЛТЫН МӨЛШЕРІН ҚАЗІРГІ ЖЫЛҒА 10-15 ТЕН 100-120 ТОННАҒА ДЕЙІН



Сирек металдар Қазақстан жерінде кеңінен таралған.

Вольфрам мен молибденнің өнеркәсіптік кен орындары Сарыарқада (Байназар, Ақмая, Шалқия, Саран, Батыстау және т.б.), Таулы Алтайда (Көкшіл, Шындығатай), Іле Алатауында ашылған. Солтүстік Балқаш кен орындарында (Қоңырат, Бозшакөл, Саян) және Қаратаудың, ванадийпі кен орындарында әр түрлі мөлшерде



Тантал-ниобий кендері Қалба мен Мұғалжарда таралған. Комплексті ниобий кендері Семей және Көкшетау облыстарының гранитті шөгінділерінен табылған. *Цирконий* Сарыарқаның батысы мен солтүстігінде, Торғай ойпатында, Арал маңы мен Мұғалжарда таралған. *Висмут* қорғасынды, мырышты және мыс кендерінде кездеседі. *Сураманың* бірден бір кен орны (Торғай) Ақмола облысында орналасқан. *Сынап* Шар ауданында, Шу, Іле және Жоңғар Алатауында табылған



Кадмий Кенді Алтайда, Сарыарқа мен Қаратауда таралған. Оның қоры қорғасынды-мырышты, мысты кен орындарында орналасқан. Кадмийді концентраттардан өндіреді.

Галий Амангелді және Торғай бокситінде, Алтайдың полиметалл кендерінде кездеседі.

Индий Мырғалымсай, Текелі, Майқайыңның полиметалл кендерінен алынады.

Висмут Жезқазған шұңқыр кендерінен табылған.



ТАЛИЙ АЛТАЙ КЕНДЕРІНЕН (ЛЕНИНОГОРСК, ЗЫРЯНОСК, ЕРТИС МАҢЫ), САРЫАРҚА (ЖАЙРЕМ, АҚЖАЛ, ҰЗЫНЖАЛ, ҚАРАҒАЙЛЫ), ЖЕЗҚАЗҒАН ЖӘНЕ ҚОҢЫРАТ КЕН ОРЫНДАРЫНАН АЛЫНАДЫ.

СЕЛЕН МЕН ТЕЛЛУР КЕНДІ АЛТАЙ, МАҢАЙЫНЫҢ, ШЫҢҒЫС ТАУЫНЫҢ ПОЛИМЕТАЛЛ КЕНДЕРІНЕН, САЯН, ҚОҢЫРАТ, БОЗШАКӨЛДІҢ, ШАТЫРКӨЛ, ЖЕЗҚАЗҒАН ЖӘНЕ Т.Б. МЫСТЫ КЕНДЕРІНЕН АЛЫНАДЫ.

СИРЕК МЕТАЛДАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН АЛЫНУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН МЕҢГЕРУДЕ ҮЛКЕН ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҒАЛЫМ, ССРО-НЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ПАУРЕАТЫ АКАДЕМИК Б.А. БУКЕТОВ



Қазақстанның үлесіне уранның дүниежүзілік қорының 25,7 проценті тиеді (3,5 млн. тоннаның 900 мың тоннасы). Уран кен орындары Созақ ауданында, Маңғышлақта, Қордайда, Атбасар ауданында және Көкшетаудың бірқатар ауданында орналасқан.



Назарларыңызға
Рахмет!!!!

